

Мемлекеттік тіл – менің тілім

ТІЛДІ МЕҢГЕРУ НИЕТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Біздің елімізде Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырылып жатқаны баршаға аян. Айта кету керек, Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» деп белгіленген. Сондай-ақ 93-бабында «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деп көрсетілген. Міне, Конституцияның бұл ережелері осы бағдарламаның әзірленуіне және іске асырылуына басты негіз болып табылады.

Демек, осының бәрі мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейте түсіп, оның мәртебесін арттыру жолындағы жұмысты барынша жандандыра түсуге ұйытқы болып отырғанын айқын дәлелдейді. Енді осындай игілікті істерді тек қағаз жүзінде ғана қалдырып қоймай, іс жүзінде пәр-

менді түрде орындалуына баршамыз атсалыссақ бұл маңызды мәселенің жемісті нәтиже беруіне өлшеусіз үлес болар еді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді мақсат еткен соң, талаптарды да жоғары қою керек. Қай сотқа барсаң да талап арыздар мен өтініштердің үлгілері

мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған. Арыз қабылдаушы мамандар қазақ тілін жетік меңгерген. Алайда ана тілін толық меңгере тұра, талап арызды орыс тілінде тапсырады. Неге? Бір себебі, қарапайым қазақ қорғаушыларға, заң кеңесіне жүгінеді. Ол жерде заңгерлер арызды өзіне ыңғайлы

немесе өзі жетік меңгерген орыс тілінде жазып береді. Орыс тілін түсінбесе де, «көзі ашық адам ғой» деп, жазып берген арызды сотқа тапсырады. Арыз орыс тілінде түскен соң, барлық сот отырыстары орыс тілінде жүргізіледі.

Осы орайда айтарымыз, сондықтан заң қызметін көрсететін адвокаттар мен өкілдердің мемлекеттік тілді меңгеруіне баса назар аударған да жөн болар еді. Заңды бақайшығына дейін шағатын жап-жас жігіттер мен қыздардың ана тілін жетік меңгермей, орыс тілінде сайрап тұрғанын көргенде еріксіз қынжыласың. Егер осы жастар қазақ тілінде қымсынбай сөйлеп, сөздік қорын жетілдіре түссе, ана тілін тәп-тәуір меңгеріп кетері күмәнсіз. Ең бастысы ықыласы

болса болды. Бұл пікірімізге Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың мына бір сөздері жарқын дәлел бола алады. Мәселен «Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты» деп, атап көрсеткен болатын.

Бақыт ЖАПАРОВА,
Текелі қалалық сотының
бас маманы.

БІЛІМ

МЕН ТАҢДАҒАН БІЛІМ ОРНЫ

Әрбір оқушы он бір жыл бойы білім алған алтын ұя мектебімен қоштасып, болашақта білім алатын университетін таңдайтыны заңдылық. Менде өзім армандаған университетке түсу жолында тынбай еңбек еттім. Жан-жақты ізденіп, оқып, ҰБТ-ға дайындалдым. Әрекет еткен адамның ісіне берекет беретіні секілді, менде әрбір түлек арман еткен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түстім. Әсіресе, өзім қалаған, бала күнімнен армандаған Шығыстану факультетінің қытайтану кафедрасында білім алу, көкжиегімді кеңейту, тіл меңгеріп, шет мемлекетте білімімді дамыту бақыты бұйырғанына шексіз қуанамын.

Әр адам мамандық таңдаудан қателеспегені жөн. Қазір жастардың көпшілігі мамандық таңдау мәселесіне тым салғырт қарайды. Тіпті, 11 сынып оқушысы қандай салаға баратынын білмей жататын жағдайлар да кездеседі. Бұл болашаққа деген жауапсыздық саналады. Өз мамандығын таңдай алмайтын жастар ата-анасы таңдаған мамандыққа оқуға түседі. Жүрек қалауымен таңдалмаған іс жақсы нәтиже бермейтіні ақиқат. Төрт жыл оқып алған диплом соңында сандық түбінде тозады. Сондықтан мен мұндай қателік жасамас бұрын мамандықты о бастан өзім таңдадым. Бұл менің ес біліп, етек жиып, оңым мен солымды таныған шақтан армандаған мамандығым еді. Көп тіл меңгеруді қаладым. Соның ішінде қытай тілін жаныма жақын санадым. Нәтижесінде қазір мен бар күш-жігерімді, қызығушылығым мен қарым-қабілетімді осы мамандықтың қыры мен сырын меңгеруге арнап келемін.

Егер маған мамандық таңдау мүмкіндігі қайта берілсе, еш ойланбастан дәл осы мамандықты таңдар едім. Себебі мені Қытай халық республикасының тілі, әдебиеті мен мәдениеті, сан ғасырлық алтын тарихы қатты қызықтырады. Ал оның экономикасы мен саясаты бөлек тақырып.

Біз қандай да бір тақырыпқа ғылыми-зерттеу жұмысын жасасак, бізге барлық қажетті кітап, ақпарат дайын. Тек оны сараптап, қорытып, ой елегінен өткізсек болғаны. Біз дәріс алып жүрген оқытушылардың бізге берген білімі алтыннан да қымбат қазына. Әр білімгердің болашағына әкесіндей қамқор, анасындай мейірбан болған оқытушыларымыз: *«Болашақ сендердің қолдарыңда. Сендер білімді, парасатты болсаңдар, елге адал қызмет етсеңдер біздің еңбегіміз ақталды деп білеміз. Сендер үшін барлық мүмкіндік бар. Білмегендеріңді сұраңдар, оқыңдар, білуге ұмтылыңдар. Алтын уақыттарыңды текке өткізбеңдер. Үнемі ізденіс үстінде жүріңдер. Қазір қиналып еңбек етіп, сабақ оқысаңдар, ертең соның жемісін көресіңдер»* – деп айтудан шаршаған емес. Осы сөздер бізді қанаттандырып, жігерлендіреді.

Біздер республика Орта Азия және ТМД мемлекеттері деңгейінде өткізілетін ғылыми-шығармашылық конференцияларға, әртүрлі тілдік олимпиадаларға және шығыстанушылардың конференциясына үнемі қатысамыз. Бұл болашақ мамандар үшін таптырмас зор мүмкіндік. Сонымен қатар еліміздің түкпір-түкпірінен арман қуып Алматыға келген жастар үшін баспана басты

мәселе. Ал Қазақ ұлттық университетіне оқуға түскен білімгерлер үшін жатақхана мәселесі еш қиындықсыз, оңынан шешіледі. Оқу ғимаратына жақын орналасқан жатақханамыз заман талабына сай жабдықталған. Білім жолын қуған білімгер үшін барлық мүмкіндік қарастырылған.

Біздің «ҚазҰУ қалашығымыздың» өзі көрген жанның көз жауын алмай қоймайды. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, білім жолына нық қадам басқан студенттердің бұл көрінісі көптің көңіліне қуаныш сыйлайды. Еліміздегі еңселі әрі бірегей оқу орнындағы сағаттарым мен минуттарым, секундтарым менің өмір жолымның ең жарқын естелігі болары анық. Осындай оқу орнында білім алып жатқан мен бақытты жанмын. Ендігі мақсат – оқуды аяқтап, қолға диплом алып, жақындарымның үмітін ақтап, еліме адал қызмет ету.

Саяна МҰҚАНОВА,
4 курс студенті.
Гүлмира ҚАТБАЕВА,
Қытайтану кафедрасының
аға оқытушысы.

Заң талабы

Қылмыстық процестегі азаматтық талап – ол жеке және заңды тұлғаның қылмыстан келген мүліктік залал мен моральдық шығынды өндіру туралы айыпталушы немесе оның әрекеті үшін жауап беретін адамға қылмыстық іс өндірісі барысында қоятын талабы. Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 20-тарауында, дәлірек айтсақ оның 166-173 баптарымен қарастырылған. Сайып келгенде, азаматтық талапты аталған кодексте көзделген тәртіппен қылмыстық іспен бірге қарау, қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес жағдайдағы адамдардың қоғамға қауіпті әрекетімен өздеріне моральдық, күш қолдану арқылы немесе мүліктік зиян келтірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін дер кезінде қорғаудың көпшілі болып табылады.

АЗАМАТТЫҚ ТАЛАПТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ ҚАРАУ

ҚПК-нің 2-бабының екінші бөлігіне және 166-бабының екінші бөлігіне сәйкес, қылмыстық процесте азаматтық талапқа қатысты мәселелер қылмыстық іс жүргізу заңының негізінде шешіледі. Іс жүргізу қатынастары ҚПК-мен реттелмеген жағдайларда азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормалары осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде анықтаушы, тергеуші, прокурор немесе сот азаматқа немесе заңды тұлғаға, егер іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті әрекетімен оларға мүліктік залал немесе моральдық зиян келтірілгенін байқаса, олардың азаматтық талап қою құқығын түсіндіреді. Адамдар азаматтық талап қойғаннан кейін азаматтық талапкер деп танылады.

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтық талап қоюға құқылы адамдардың тобы ҚПК-нің 58, 73 және 167-баптарында айқындалған. Мүліктік зиян келтірілген кезде жойылған не бүлінген мүліктің меншік иесі ғана емес, сонымен бірге заңды негіздер бойынша өзінде тұрған мүліктің иесі де (жалға алушы, сақтаушы және басқалар) азаматтық талап қоюға құқылы.

ҚПК-нің 71-бабының бесінші бөлігіне сәйкес, жәбірленушінің өзіне келтірілген моральдық зиянды өтеу туралы талабы қылмыстық процесте қаралады. Егер мұндай талап қылмыстық істе қойылмаса не қараусыз қалдырылса, онда жәбірленуші оны азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қоюға құқылы.

Азаматтық талап қою қылмыстық құқық бұзушылық аяқталса да, аяқталмаса да кез келген уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап, бірақ сот тергеуі аяқталғанға дейін немесе есі дұрыс емес адам қоғамға қауіпті әрекетті жасаған, сондай-ақ, күдікті анықталмаған кезде де қойылуы мүмкін.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

МЕДИАЦИЯ

СОТ ДАУЛАРЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Біздің елімізде Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданды. Азаматтық-құқықтық қатынас шеңберінде даулы мәселелердің мазмұнына қарай медиацияның қолданылуы жиі кездеседі. Заң шеңберінде жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Енді қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдануды қылмыстық заңнамамен реттеу мәселесіне келсек, қылмыстық құқықтағы медиация медиаторлармен қолданылатын арнайы әдістер жиынтығын реттейді. Қылмыстық кодекстің 68-бапта татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату бөлігі бекітілді. Қылмыстық кодекстің 68-бабына сай онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласса, қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиацияны қолданудың ережелері адам өлімімен, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Назарларыңызға сала кетсек, сот міндетіне тек заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіру кіреді, сот ешкімді мәжбүрлеп, жүктемейді. Ал медиатор сот төрелігін іске асырумен байланысты емес бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады. Сондай-ақ қылмыстық процестік кодекстің 85-бабымен медиатор процессуалды тұлғаның өкілеттігі бекітілді.

Мына мәселені ұмытпау керек, медиация институтын азаматтық сот ісін жүргізумен қатар, қылмыстық істерді қарау барысында қолдану Қазақстанда медиацияның дамуына, әрі бірегей құқық қолдану практикасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Медиацияны толық қолдану сот қызметінің жұмысын оңтайландырып, жұмыс жүктемесін анағұрлым азайтуға қолайлы мүмкіндік туғызады. Медиация рәсімін енгізу мен қолдану сайып келгенде қоғамдық қарым-қатынастың мәдениетін арттырады.

Бекмұрат ДҮЙСЕНБЕКОВ,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.